

ҚАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАДАМ

Шымкент қаласының әкімі Ф.Сыздықбеков пен «Universal Ropeways» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері арасындағы кездесу аясында қала үшін аса маңызды инфрақұрылымдық жоба – аспалы арқанжол салу тұжырымдамасы таныстырылды. Бұл бастама — қаладағы көлік жүйесін жаңғыртып, заманауи, экологиялық таза өрі тиімді көлік баламасын ұсынуды көздейтін ауқымды жоба.

Арқанжол – тек көлік құралы ғана емес, бұл – урбанистік даму мен қала экологиясын оңтайландыруға бағытталған инновациялық шешім. Өуе көлігі көлік тығыздығы жоғары аумақтардағы жүктемені азайтып қана қоймай, жолаушыларға кептеліссіз, қауіпсіз өрі жайлы қатынау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, бұл жоба қала тұрғындары мен қонақтарына қала панорамасын биіктен тамашалау мүмкіндігін ұсынып, Шымкенттің туристік өлеуетін арттырады.

Алдын ала жоспар бойынша арқанжол желісі Республика, Тәуке хан, Қонаев, Бәйдібек би, Абылай хан даңғылдары, тарихи Цитадель аумағы, «Тұран» және «Шымкент сити» шағынаудандарын кезек-кезеңімен біріктіріп, қала ішіндегі маңызды бағыттарды байланыстыратын болады.

Жобаны жүзеге асыру барысында құрылыс пен пайдалану кезеңінде жүздеген жаңа жұмыс орны құрылып, жергілікті экономиканың дамуына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, бұл жоба Мемлекет басшысының Шымкентті орнықты өрі интеллектуалды қала ретінде дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуына нақты үлес қосады.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.



RESPYBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙГАК MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyrń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyrń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaqy sylyqtarynyrń, "Altyn júrek" sylyǵynyrń iegeri



№16 /sarsenbi/ 23 saýir 2025



Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстанға келді

Президент мәртебелі мейманды Түрікменстан әуежайынан қарсы алды.

Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов бейресми кездесу өткізіп, қаладағы бірқатар нысанды бірге аралап көреді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті.

Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы түркі тілдес елдерге ортақ ең көрнекті рухани және тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі, ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барды.

Мәртебелі меймандар әйгілі ойшылдың рухына тағзым етіп, Құран бағыштады. Сондай-ақ кесенеді жүргізіліп жатқан реставрациялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысы мен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының аумағында

орналасқан ұлттық-мәдени кешенді аралап көрді. Олар шығыс базарын аралап, дөңді дақылдардың сұрыптарымен танысты.

Қадірменді қонақтарға ұлттық тағам түрлері, ағаштан түйін түйю, кілем тоқу, киіз басы, қыш және зергерлік бұйымдар жасау сияқты халық қолөнері шеберлерінің туындылары көрсетілді, салт-дәстүрімізді паш ететін театрландырылған қойылым ұсынылды. Сонымен қатар олар тазы мен қыран құстарды тамашалады.

Сапар Turkistan визит орталығында жалғасты.

Меймандарға көне «Күлтөбе» қалашығының тарихи келбетін сақтау және абаттандыру жобасы туралы мәлімет берілді.

Қ.Тоқаев пен Г.Бердімұхамедов тарихи ескерткішті музейге айналдыру барысымен танысты. Қалашықтың 27 гектар аумағында археологиялық қазба жұмыстары аяқталған.

Сонымен қатар таяуда ашылатын «Қолөнершілер қалашығының» тұжырымдамасы таныстырылды. Оның ішінде шеберханалар, ұлттық тағам түрлерін ұсынатын орындар, шығыс базары және шағын қонақ үйлер орналаспақ.

Осы орайда биыл 25 наурызда Түрікменстанға World Craft Council халықаралық ұйымының шешімімен «Қолөнершілер қаласы» деген мәртебе берілгенін атап өткен жөн.

Бұдан бөлек, визит орталықта Қазақстан Президенті мен Түрікменстанның Ұлт көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бірегей тарихи жәдігерлермен танысты.

Президент Қ.Тоқаев Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Г.Бердімұхамедовпен бейресми кездесу өткізді.

– Мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқаны қуантады. Газ саласында, сондай-ақ көлік-логистика бағытында стратегиялық маңызды жобалар бар. Біз бұл жұмыстарды бақылауда ұстаймыз. ийткені оның нәтижесі қазақ-түрікмен

экономикалық байланыстарын одан өрі өркендетуге ықпал етеді, – деді Президент.

Қ.Тоқаев Г.Бердімұхамедовті Халықаралық бейбітшілік және сенім жылының басталуымен құттықтады. Оның айтуынша, БҰҰ қолдаған бұл бастама Түрікменстанның әлемдік деңгейдегі абырой-беделі жоғары екенін көрсетеді.

Халк Маслахатының Төрағасы Мемлекет басшысына киелі Түрікменстанда қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар Қазақстан Түрікменстанның ең негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі екенін жеткізді.

Кездесу барысында екіжақты қарым-қатынастардың барлық бағыты бойынша сан қырлы стратегиялық серіктестікті нығайту перспективасы талқыланды.

Өзара сауда-саттық көлемін 1 миллиард долларға жеткізу үшін байланыстарды дамытудың тың мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі атап өтілді.

Газ саласындағы серіктестікті кеңейту, нақты айтқанда, Қазақстан тарапының шетелдік серіктестермен бірге Галкынш кен орнын игеру жобасына қатысу мәселесіне мән берілді.

Мемлекет басшысы «Тургунди – Герат – Кандагар – Спин-Булдак» темір жол құрылысының жобасына назар аударып, аталған жоба табысты жүзеге асса, көлік бағыттарын өртараптыңдыруға, экспорт нарықтарын кеңейтуге жол ашатынын айтты.

Сонымен қатар Солтүстік – Оңтүстік бағытындағы транзит өлеуетін арттыруда «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» темір жол магистралы мен құрылысы жүріп жатқан «Түрікменбашы – Гарабогаз – Қазақстан шекарасы» автокөлік жолы маңызды рөл атқарады.

Бұдан бөлек, кездесуде білім беру, цифрландыру салаларындағы өзара тиімді ықпалдастық мәселелері талқыланды.

Қазақстан тарапы Түрікменстанға мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, сондай-ақ IT-мамандардың біліктілігін арттыру ісінде жан-жақты көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Шолушы.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА ОРТАҚ ТЕЛЕАРНА

А.Балаева Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің директоры А.Ходжаевпен кездесіп, Қазақстанның Орталық Азия өңірінде бірыңғай ақпараттық кеңістікті нығайтуды үнемі қолдайтынын атап өтті. Тараптар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және өзара тәжірибелік байланысты дамыту мақсатында ақпараттық саладағы өріптестікті нығайтуға бағытталған бірлескен хаттамаға қол қойылды.

Әзербайжан Республикасының Медиа дамыту агенттігінің атқарушы директоры А.Исмайловпен өткен келіссөздер

барысында тараптар халықтар арасындағы жақындасу мен ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыруда мәдениет, білім беру мен медианың маңызды рөлін атап өтті. Әсіресе, тең дәрежелі ақпарат тарату мәселесіне ерекше назар аударылды. Қазіргі уақытта Мәдениет және ақпарат министрлігі Әзербайжанның «СВС TV» телеарнасын еліміздің аумағында тіркеу мүмкіндігін қарастырып жатыр. Іс-шара өңірлік ақпарат министрлерінің жұмыс кездесуінен басталды. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева форумды Орталық Азиядағы ақпараттық ын-

тымақтастықтың бірегей алаңы ретінде атап өтті. Ол аймақта бірлескен медиажобалар жасау мен гуманитарлық байланыстарды тереңдетудің маңыздылығына тоқталды:

•Орталық Азияға ортақ телеарна мен өңірлік медиаплатформа құру мүмкіндігі қарастырылуда;

•«Euronews» арнасының Астанадағы өкілдігі ашылды;

•Жалған ақпаратпен күрес және медиа сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар күшейтілді.

Сонымен қатар, келешекте жүзеге асырылуы мүмкін бірқатар жобалар ұсынылды:

•Орталық Азия журналистика академиясын құру,

•Креативті индустрияны дамыту,

•Өңірлік журналистика сыйлығын тағайындау,

•Жаңа тележобаларды жүзеге асыру,

•Өңір елдерінің контентін халықаралық медиаплатформаларда таныту.

Форумның екінші жартысында жасанды интеллект, Big Data дәуіріндегі медиа саланың трансформациясы, әлеуметтік желілердің ел имиджін қалыптастырудағы рөлі сынды өзекті тақырыптар талқыланды.

Форумның екінші күні қатысушылар үшін шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Спикерлер қатарында шетелдік танымал медиа сарапшылар бар.

Ұлжан НАУШАБАЕВА,
Шымкент-Астана-Шымкент.

Астанада ІІ Орталық Азия медиафорумы өтті. Екі күнге созылған форум – Орталық Азияның медиа кеңістігін жаһандық үрдістермен үйлестіру, өңірлік ынтымақтастықты тереңдету және ақпараттық қауіпсіздік, технологиялық даму мен кәсіби біліктілікті арттыруға бағытталған стратегиялық маңызды қадам. Форум өңір журналистикасының келешегін айқындайтын және халықаралық сахнадағы ықпалын күшейтетін маңызды диалог алаңы болып отыр.

ІІ Орталық Азия медиафорумы аясында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева Орталық Азия елдерінің медиа саласы мекемелері мен салалық ведомстволарының өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

ЕРЕВАНДА АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Арменияда өтіп жатқан Қазақстанның мәдени күндері аясында Ереван қаласында Абай Құнанбайұлы атындағы саябақтың салтанатты ашылуы өтті. Айтулы оқиға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ереванға жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген мемлекеттер басшылары арасындағы келісім нәтижесінде жүзеге асты, деп хабарлайды аталмыш ведомствоның баспасөз қызметі.

Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасының ресми делегациясын бастап барған ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Армения Республикасының Білім, ғылым, мәдениет және спорт министрі Жанна Андреасян, Ереван қаласы мәрінің бірінші орынбасары Армен Памбухчян, Қазақстан Республикасының Армения Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Болат Иманбаев, сондай-ақ қос елдің зиялы қауым өкілдері, жергілікті тұрғындар мен армян астанасының қонақтары қатысты.

Саябақтың ашылу салтанатында қысқаша сөз сөйлеген Аида Балаева Армения билігіне және жобаның жүзеге асуына атсалысқан барлық азаматтарға алғысын білдірді. Министр бұл оқиғаның екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықтың жаңа кезеңін білдіретінін атап өтті.

– Біз бүгін тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Армения астанасында қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған саябақ ашылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Республикасына ресми сапары аясында Астана қаласындағы бір көшеге армян әліпбиінің негізін қалаушы Месроп Маштоц

есімін беру туралы екіжақты келісім жасалғаны белгілі.

Бүгін біз сол келісімнің, достық пен тығыз мәдени байланыстардың айқын көрінісіне айналғанын көріп отырмыз, – деді ҚР Мәдениет және ақпарат министрі.

Салтанатты іс-шара аясында Қазақстан мен Армения министрлері екі ел арасындағы мәдени байланыстардың тамыры тереңдеп, болашақта одан әрі нығая түсетінін нышаны ретінде саябаққа ағаш отырғызды.

Айта кетейік, Абайға арналған ескерткіштер, бюсттер мен мемориалдық тақталар әлемнің ондаған елінде – Босния және Герцеговина, Германия, Грузия, Иран, Корея, Қытай, Қырғызстан, Венгрия, Египет, Өзбекстан, Румыния, Түркия, Түрікменстан, Франция, Швейцария және Татарстанда (Ресей) орнатылған.

Мерекелік іс-шара соңы Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» шығармасын орындаған Қазақстанның домбырашылар ансамблі мен Аван Мәдениет үйінің жас өнерпаздарының концертімен жалғасты. Сонымен қатар қонақтар қазақ халқының ұлттық мәдениетімен, заманауи әдебиетімен және дәстүрлі тағамдарымен танысты.

Бүгін министр Аида Балаева бастаған қазақстандық делегация Месроп Маштоц атындағы көне қолжазбалар ғылыми-зерттеу институты – Матенадаранға барып, армян халқының ежелгі жазба мұрасымен, оның ішінде армян әліпбиінің негізін қалаушының қолтаңбасы бар делінетін манускрипттермен танысты.

Мәдени күндер бүгін Ереван қаласындағы Арам Хачатурян атындағы орталық концерт залында өтетін гала-концертпен қорытындыланады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

Қазақстанда жасанды интеллект қарқынды дамып келеді. Бүгінгі таңда бұл жұмыс үш бағыт бойынша жүргізілуде: Институционалдық базалар, Технологиялық инфрақұрылымды дамыту және адами капиталды дамыту. ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР ЦДИАӨМ Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитетінің төрағасы Физат Байтұрсынов әр бағыттағы жобалар туралы айтып берді.

Былтыр Цифрлық даму министрлігінде Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті құрылды. Осыған байланысты жасанды интеллекті (ЖИ) дамыту, мемлекеттік саясатты қалыптастырумен айналысатын және мемлекеттік органдар арасында салалық үйлестіруді жүргізетін мемлекеттік органдық ведомство айқындалды.

«Комитет құрылғаннан кейін бізге мақсаттарды, міндеттерді, қалай дамытынымызды анықтау керек болды. Сол себепті алдағы бес жылға бағытталған ЖИ даму тұжырымдамасын қабылдадық. Бұл тұжырымдама халықаралық тәжірибені, Қазақстанда қалыптасқан жағдайды қамтиды. Біз жасанды интеллекттің алты негізгі бағыты бойынша міндеттеріміз бен мақсаттарымызды сипаттаймыз: адами капитал, инфрақұрылымды дамыту, деректерді дамыту, мемлекеттік саясат және басқалар», – деді Физат Байтұрсынов.

Спикердің айтуынша, биыл тұжырымдаманы жасанды интеллектті дамыту стратегиясына айналдыру міндеті тұр. Бұл құжат қабылданады деген жоспар бар.

«Осы бағытты реттеу мақсатында депутаттар жасанды интеллект туралы заң жобасына бастамашылық жасады. Қазіргі уақытта осы Заң жобасы Үкіметтің қорытындысымен Мәжіліске жіберілді. Жұмыс тобы шеңберінде құжатты сарапшылар, депутаттар, мемлекеттік органдар талқылайды. Заң жобасында жасанды интеллект мазмұнын таңбалау тәртібі мен этикалық нормалар қарастырылған. Сондай-ақ заң жобасы аясында біз ЖИ жүйесінің иесі және пайдаланушысы арасындағы жауапкершілікті анықтадық. ЖИ жүйесінің классификациясын жасадық. Мұның бәрі қазір Мәжілісте талқыланып жатыр», – деп нақтылады спикер.

Юрий Пя жетекшілік ететін УМС Жүрек орталығының дәрігер-зерттеушілер тобы 13 сәуір мен 13 қазан аралығында Жапонияның Осака қаласындағы

Дүниежүзілік Экспо-2025 көрмесінде «ALEM» атты бірегей жүйені таныстырады. Донорлық жүректі сақтау және тасымалдауға арналған құрылғы «Heart Center Foundation» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асырылған, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

ALEM (Astana Life Ex-situ Machine) құрылғысы – донорлық органдардың өміршеңдігін 24 сағаттан астам уақыт бойы сақтауға мүмкіндік беретін инновациялық өзірлеме. Бұл Қазақстан сияқты аумағы үлкен елдер үшін аса маңызды дүние. Себебі трансплантология саласындағы басты мәселелердің бірі – ағзаларды дер кезінде жеткізу. Дәстүрлі әдіспен орган небәрі 4-6 сағат сақталса, ALEM технологиясы ағзадағы жағдайға барынша тиімді орта жасап, қажетті температураны сақтап, қанды оттегімен қанықтырып, өмірлік маңызды көрсеткіштерді нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

«Біз ауа райының қолайсыздығына байланысты донорлық жүректі уақытында ала алмай, күрделі жағдайға тап болдық. Сол кезде Қазақстан үшін қолжетімді әрі тиімді болатын өз жүйемізді жасау идеясы туындады», – деп еске алады жоба жетекшісі әрі УМС Басқарма төрағасы Юрий Пя.

Қиын сәтте пайда болған тың идея қазір тиімділігі мен қауіпсіздігін жануарларға жасалған клиникаға дейінгі зерттеулер барысында дәлелдеген құрылғыға айналды. Танымал кардиохирургтің айтуынша, аталған құрылғыда донорлық ағзаны тек сақтап қана қоймай, қажет болған жағдайда емдеу мүмкіндігі бар. Бұл трансплантация нәтижесін жақсартып, көмекке мұқтаж адамдарға үміт сыйлары сөзсіз.

«Хирург ретінде айтарым – бір адам ештеңе тындыра алмайды. Мықты нәтиже командалық жұмысқа тікелей байланысты. Біздің ауқымды жобамыз үшін білікті мамандар

EXPO-2025: ЖАПОНИЯДА ДОНОРЛЫҚ ОРГАНДАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН АППАРАТ ҰСЫНЫЛДЫ



физикалық, интеллектуалдық тұрғыда тынбай тер төкті. Осы ретте, «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры материалдық қолдау білдірмегенде, бұл жоба өсте жүзеге аспайтын еді», – деді Юрий Пя.

Медициналық жүйені өзірлеуге инженерлермен қатар кардиохирургтер, перфузиологтар, анестезиолог-реаниматологтар, морфологтар, мейіргер ісі мамандары, зертханашылар және УМС Жүрек орталығының өзге де қызметкерлері атсалысты. Идеядан бастап құрылғыны құруға дейінгі жол бірнеше жылға созылды. Енді алда ALEM жүйесіне клиникалық зерттеулер жүргізу кезеңі тұр.

Мыңдаған адамның өмірін құтқаруға жол ашатын құрылғы Дүниежүзілік Экспо-2025 көрмесінде халықаралық қауымдастыққа кеңінен таныстырылуда. Биылғы көрменің басты тақырыбы – «Designing Future Society for Our Lives» («Өміріміз үшін болашақ қоғамды қалыптастыру»). ALEM жобасы Қазақстан павильонындағы «Connecting Lives» («Өмірлерді біріктіру») аймағында ұсынылды. ALEM-нің 2025 жылғы Экспо көрмесіне қатысуы серіктестердің қолдауының арқасында мүмкін болды.

«Бұл өнім нағыз серпіліс әкелді. Технология бұрыннан белгілі болғандықтан, оны жаңашылдық деп қабылдай алмайсың. Десе де, іс жүзінде клиникаға дейінгі бастапқы сынақ деңгейінде болса да оны жүзеге асырып, бір тәулікке дейін қолдану – медицина үшін үлкен жетістік дер едім.

ALEM жүйесінде органды тек сақтамай, денеден тыс жерде емдеуге болатыны маңызды», – деп атап өтті жоба авторларының бірі, УМС Жүрек орталығының Клиникалық академиялық кардиохирургия департаментінің директоры Тимур Лесбеков.

Expo-2025 көрмесіне қатысу – трансплантологияны дамытудың маңыздылығын жеткізу,

кәсіби қауымдастықты ортақ мақсат жолында біріктіру, сондай-ақ Қазақстанның ғылыми және технологиялық әлеуетін көрсету мүмкіндігі. Мұндай пікірді «Heart Center Foundation» қоғамдық қорының директоры Мұрат Зауыров та алға тартып отыр. Қор кардиология, кардиохирургия және трансплантология салаларында озық технологияларды, білім беру бастамаларын және ағартушылық жобаларды қолдау арқылы инновацияларды дамытуға айтарлықтай үлес қосып келеді.

«Бұл – Қазақстан үшін тарихи сәт. Біз халықаралық деңгейдегі көрмеде алғаш рет осындай ауқымды медициналық жобаны – ALEM құрылғысын көпшілік назарына ұсындық. Дүниежүзілік көрмеге қатысу өлем бойынша трансплантология мүмкіндіктерін кеңейтіп, инновациялардың маңыздылығына назар аудартып, дәрігерлерді, ғалымдарды және инженерлерді біріктіріп, адам өмірін сақтап қалу жолында жаңа шешімдерді бірлесіп іздеуге мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – өзірлемені жұртшылыққа жай ғана көрсету емес, жаңа андық технологиялық және медициналық прогрестің бір бөлігіне айналу», – деп толықтырды Мұрат Зауыров.

Жоба авторларының айтуынша, ALEM тәрізді технологиялар дәстүрлі клиникалық шешімдердің шекарасынан шығып, медициналық ғылымның көкжиегін кеңейтеді және озық технологияларды соларға мұқтаж адамдар үшін қолжетімді етеді.

САТЫП АЛУ РӘСІМДЕРІНІҢ МЕРЗІМДЕРІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ҚЫСҚАРДЫ

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң салада көрсетілетін қызметтердің сапасын көтеруге бағытталған. Әлеуетті жеткізушілер туралы ақпарат мемлекеттік органдардың деректер қорынан алынады. Бұл құжат отандық тауар өндірушілерді қолдауды көздейді. ҚР Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбеил ОКҚ алаңында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдағы жаңашылдықтар туралы айтты.

Оның хабарлауынша, заңда кәсіпкерлерге 30%-дық жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ айыппұлдар мөлшерін азайту мүмкіндігі бар.

«Келесі жаңашылдықтар – автоматтандыру технологияларын кеңінен қолдану. Біз рейтингтік балл жүйесін кеңінен қолданып, оны жетілдіріп жатырмыз және маңызды жаңашылдықтардың бірі – ол шағымдану процесін қайта қарадық. 1 қаңтардан бастап шағымдану процесі өзгерді. Бұған дейін шағымдар біздің жергілікті аудит органдарына келетін болса, қазір шағымдар конкурсты жариялаған тапсырыс берушіге келіп түседі. Екіншіден, шағымды

қарау мерзімдері мейлінше қысқартылды», – деді спикер.

Құжат нормаларына сәйкес, әлеуетті жеткізушілердің жауапкершілігі күшейтілді. Енді жемқорлық үшін сотталған, жалақы бойынша қарыздары бар әлеуетті жеткізушілер конкурста қатыса алмайды.

Жаңа заң сатып алу рәсімдерінің мерзімдерін қысқартуды көздейді. Бұған дейін, мемлекеттік сатып алу саласындағы проблемалардың бірі рәсімдердің ұзаққа созылуы болған еді. Конкурс өткізу мерзімі кем дегенде екі айды құраған. Осыған орай, Заңды жүзеге асыру шеңберінде рәсімдердің мерзімдері қайта қаралып, конкурсты өткізу мерзімі 10 күнге дейін қысқартылды. Бұл ретте, рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс арқылы жеңімпаздар небәрі 5 күннің ішінде анықталып жатыр. Аукцион мерзімі 10 күнге дейін қысқарды. Ал, бағаларды ұсыну конкурсы осыған дейін 5 күн жүргізілсе, қазір бұл мерзім 2-ақ күнді құрайды.

Бетті жинақтап, дайындаған: Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.

ЕЛІМІЗДІҢ БАС ҰСТАЗЫ ТҮРКІСТАНДА БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІН АРАЛАДЫ

Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев Түркістан облысына жұмыс сапары аясында бірқатар білім беру нысандарын аралады. Ол техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына ерекше көңіл бөлді.

Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі — өңірдегі шежірелі оқу орындарының бірі. Бұл оқу орнында болашақ қолөнершілер, қыш шеберлері, зергерлер, IT мамандары даярлануда және «Жас маман» жобасы аясында «IT», «Қолөнер» мамандықтары бойынша республикалық деңгейдегі құзыреттілік орталықтары жұмыс істейді. Колледжде студенттер 11 мамандық, 13 біліктілік бойынша білім алады.

Министр ұжыммен кездесуде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңа форматта дамытуға қатысты негізгі міндеттерді атап өтті.

«Биылдан бастап колледж-



ған, білікті мамандармен қамтылған, сұранысқа сай сапалы кадр даярлайтын орталыққа айналуы керек. Колледждерге инвестиция тартуда серіктестермен ынтымақтастықты арттыру маңызды», — деді министр.

Министр сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған №33 мектепте болды. Өңірде 29 жайлы мектептің құрылысы жүргізілуде. Қазіргі уақытта оның ішінде 13 мектеп пайдалануға берілген. Министр педагогикалық құраммен оқу процесін ұйымдастыру сапасын күшейтуді тапсырды.

Қазіргі уақытта өңір халқына білім беру жүйесінде 50 колледж, 1100-ден астам мектеп пен 1426 балабақша қызмет көрсетеді. Биыл колледждерге 15 мыңнан астам мемлекеттік грант бөлініп, агрохимия, лифт шаруашылығы, ұшу аппараттарының операторы, жылжымай шаруашылығы секілді жаңа 11 жұмысшы мамандығына лицензия алынған.

дерге жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі екі есеге артады. Бұл — оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жаңартуға, сондай-ақ педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға, жаңа технологияларды енгізуге жол ашады. Сонымен қатар колледждердің оқу-өндірістік базасында өндірілген өнімдерді нарыққа шығарып, табыс табу мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Түскен қаржы оқу орнының дамуына бағытталады. Колледждер заман талабына сай икемделіп, заманауи инфрақұрылыммен жабдықтал-

«ТҰРАН» ВОЛЕЙБОЛ КОМАНДАСЫ ҮШ ДҮРКІН ЕЛ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Түркістан қаласында волейболдан жоғары лиганың ерлер командалары арасындағы Қазақстан Республикасының XXXIII чемпионаты өз мәресіне жетті. Биылғы чемпионатқа елімізден 9 команда қатысып, жүлделі орындарды сарапқа салды. Апта бойы өзара мықтыларын анықтаған волейболшылар бәсекесінің нәтижесінде жеңімпаздары мен жүлдегерлері белгілі болды.



Плей-офф ойындарында еліміздің төрт командасы бас жүлдеге таласты. Бұл сында Түркістан облысының «Тұран», Өскеменнің «Берел», Шымкенттің «Шымкент», Қызылорданың «Қайсар» командалары тартысқа толы ойындар өткізді. Қорытындысында ақтық сығға «Тұран» мен «Қайсар» клубтары жолдама алып, екі жеңіске дейін ойын алаңында жеңіс үшін бар күш-жігерлерін салды.

Тартысты өткен ойында тұрандықтар қарсыластарын екі күн қатарынан айқын басымдықпен ұтып, қатарынан үш дүркін ел чемпионы атанып, өз жанкүйерлеріне зор қуаныш сыйлады. Ал Қызылорданың «Қайсары» 2 орынды иеленсе, Өскеменнің «Берел» командасы чемпионаттың қола жүлдесін еншіледі. Сондай-ақ Шымкент қаласының

командасы чемпионатты үздік төрттік құрамында аяқтады.

Клуб тарихында волейболшыларымыз жоғары лига бәсекелерінде 3 рет чемпиондық тұғырдан көрінді. Бұл ретте, команданың бас бапкері Юрий Тютин мен Дархан Көшербаевтың ерен еңбегін айтып өтуіміз керек.

Тұрандық волейболшылар бұл тамаша жеңісін облыс жұртшылығы мен барша жанкүйерлеріне арнады. Өңір мерейін асқақтатқан команданы Түркістан облыстық спорт басқармасының басшысы Ғалымжан Худияров, федерация басшысы Айдос Сұлтанов, «Тұран» спорт ойын түрлері клубының директоры Сабыржан Булдыруков құттықтап, сый-құрмет көрсетті. Енді «Тұран» Ұлттық лигада өнер көрсетеді деп жоспарланып отыр.

САЙРАМДА ЖЫЛЫНА 500 ДАНА АРНАЙЫ ТЕХНИКА ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Сайрам ауданы, Ақсу-кент ауылдық округіндегі «Завод Автотехнологий» өндіріс орны — өңірдегі ірі инвестициялық жобалардың бірі. Аудан әкімі Арман Сәбитов аталған кәсіпорынның жұмыс барысымен танысты. Зауыт жұмысын кәсіпкер Керімбек Адишев жетекшілік ететін команда жүзеге асыруда. Жоспар бойынша өндіріс орны 2025 жылдың маусым айында іске қосылады. Онда 80 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.



Жоба аясында арнайы мақсаттағы автокөліктер құрастырылады. Зауыттың өндірістік қуаттылығы жылына 500 дана арнайы техника шығаруға жетеді. Бұл бастама отандық машина жасау саласындағы серпіліс болмақ. Жобаны қаржыландыру жеке инвесторлық қаражат және жеңілдетілген несиесі есебінен қарастырылған. Техникалық құрал-жабдықтар Қазақстаннан, ТМД елдерінен және алыс шетелден жеткізіледі. Бұл зауыттың технологиялық базасының заманауи, халықаралық стандарттарға сай болуын қамтамасыз етеді.

Өнімнің 80 пайызы ішкі нарыққа шықса, 20 пайызы экспортталмақ. Бұл жоба — елдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырумен қатар, импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған нақты қадам. Жоба өңір экономикасына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Аудан басшысы Арман Сәбитов зауыт құрылысы мен өндіріс үдерістерінің жүйелі іске асырылуына қолдау білдіретіндігін жеткізді. Сондай-ақ жергілікті билік тарапынан инфрақұрылым мен кадрлық қамтамасыз ету мәселелері назарда болатынын атап өтті.

ХИМИЯЛЫҚ ТЫАЙТҚЫШСЫЗ ҚҰЛПЫНАЙ ӨСІРЕДІ



Шорнақ ауылдық округінде орналасқан «Мухитдинов» шаруа қожалығы табиғи өнім өндіру ісін қарқынды түрде дамытып келеді. Жеке кәсіпкер Алымжан Мухитдинов құлпынай өсіруіне заманауи технологияны енгізіп, жылыжайда тамшылатып суғару әдісі арқылы экологиялық таза

өнім өндіруді жолға қойған.

2024 жылы іске қосылған жобаның инвестициялық құны — 300 миллион теңге. Қазіргі таңда 0,7 гектар аумақта заманауи жылыжай кешені жұмыс істеп тұр. Мұнда өсірілетін құлпынай ешқандай химиялық тыңайтқышсыз, табиғи жолмен жетіледі. Бұл — өнім сапасының жоғары болуын және адам денсаулығына пайдалы дәрумендерге бай болуын қамтамасыз етеді.

— Біз өсіріп отырған құлпынайдың сапасы өте жоғары. Пестицидтерді мүлдем қолданбаймыз. Табиғи жолмен

өсірілген құлпынайымыз дәмді әрі ағзаға қажетті дәрумендерге толы, — дейді шаруа қожалығының иесі.

Қожалық иесінің айтуынша, бұл құлпынай түрі бір маусымда бірнеше рет өнім беріп, жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Жоба іске қосылған уақыттан бері жылына кемінде 10 тонна өнім жиналады. Қазіргі таңда өнімнің басым бөлігі Түркістан қаласы мен аудан тұрғындарына сатылуда. Тұтынушылар тарапынан сұраныс жоғары, сондықтан кәсіпкер алдағы уақытта шаруашылық аясын екі есе кеңейтуді жоспарлап отыр.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ

Бөйдібеков Өрісбай 1902 жылдың 5-қаңтарында Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ұйымшыл ауылында дүниеге келген.

Осы ауылда жеті жасынан мектепке барып, хат танып, білім алған соң, мектепті үздік бітірушінің бірі болды.

Өрісбай бұғанасы қатпаған жасөспірім шағында, 15 жасында Азамат соғысына қатысты. 1917-1919 жылдар аралығында екі тап өкілдерінің арасындағы қақтығыстарды көріп, күе болды. Өмірдің қатал сынағы ешкімді де мандайынан сипап еркелетіп қоймайтынын түсініп, санасы қатайып, белін бекем буып үлгерді. Жасынан ерте еңбекке араласты. Аяқ-қолы бүтін, дені-басы сау болғанына Жаратқанға шүкіршілік ете жүріп, елге пайдасын тигізуге барын салып жұмыс істеді. Жұмыс істей жүріп білім алуды да жөн көрді. Біліммен игерілген еңбектің нәпақасы еселеп арта түсеріне сенімі мол болды.

Тынбай еткен еңбектің нәтижесінде жұмысты дұрыс ұйымдастыра білетінін, шаруаға жоғары жауапкершілігін, елге ерекше қамқорлығын көрсете білді. Осылайша адал еңбекпен, біліктілігімен көзге түсіп, 1930 жылы Ауылдық кеңестің төрағасы болып тағайындалды.

1931 жылдан бастап Колхоз басқармасының орынбасары болып істеді. Ал 1934 жылдан бастап Ұйымшыл колхозының төрағасы болып бекітілді.

Алайда, соғысқа аттануына байланысты, Өрісбайдың төрағалық жұмысы 1942 жылдың қыркүйегінде кілт тоқтады.

1941 жылдың жазында елге тұмсығын тигізген сұм соғысқа ауылдағы талай ер азаматтар аттанып жатты. Соғысқа аттануға қанша өтініш жасаса да, Өрісбайды аудан басшылары «Елге де тәжірибелі басшылар керек, Сіз соғысқа бармай, елде қызмет етіңіз» деп майдангерлер қатарына алмай қойған.

Колхоздың жұмысын ұйымдастыру кезінде жоспарды асыра орындап, «Бәрі де жеңіс үшін! Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен егіс даласынан жиып-тергеннің бәрін соғыс даласына аттандырып жатты. Бала демей, әйел демей, жас-кәрі демей аяқ қолы қимылдағанның бәрі маңдай тері шүмектеп, белдері қайыса егіс даласында еңбек етті. Бекітілген норма бойынша, бір әйел бір күнде 25 соттық жерді аударып шығуға тиіс болатын. Жұрттың бар жигандары майданға кетіп, өздеріне талғажау етер аз-маз азықтан ғана қалды. Қара халық аш құрсақ, қыртық киім, жаяу жалпы қалып, қинала бастады. Қайраты бар ердің көбі майданда.

Бір күні әлгі қотыр қожайын болған Жаппарқұл, «дружинин» деген сөзі бар қызыл жапырақты қолына байлап алып, халыққа әңгір таяқ орнатпасы бар ма? Өрісбай колхоздың төрағасы болған соң, еңбекшілерге талон жазып берген-ді. Сол талон бойынша олар қоймадан тиісті мөлшермен бидай алуы керек еді. Сол тиісті бидайларын бермей, мына Жаппарқұл жұртқа мылтық кезенуге дейін барып, әбден басынады. Айтатыны: «Мені бұл қызметке Үкімет әдейі тағайындады. Бір түйір бидай бермеймін. Үкіметтің астығын таратып бермеймін!» деп көздерін алартып, әркімге бір таптап береді. Мұны естіп қоймаға өзі келген Өрісбай Жаппарқұлмен бетпе бет келіп, оны жөн сөзбен тоқтатқысы келген. Алайда Жаппарқұл тура келуге батылы бармаса да, мұның сөзіне де ыңғай бермей, бұлтаңдай бастады. Ашуга булыққан Өрісбай шәлтiреңдеген Жаппарқұлдың қолындағы мылтығын жұлып алып, өзін қамшының астына алған болатын. Содан соң, қойманың қақпасын ашып жіберіп, көздерін жәудіреген ауыл халқына «Қалағандарыңша астықтан



Өрісбай

- ЕЛДІҢ АДАМЫ ЕДІ

алындар!» деп ерік берген. Содан халық қоймадағы астықты қойлы қонышына тығып, шелектеп, қаптап үйді-үйлеріне тасып әкетті. Жұрт талай уақытқа дейін сол астықты талғажау етіп, аштықтан аман қалды. Міне сол бір оқиғадан кейін Өрісбай аудандағы басшыларға барып, бар кінәні өз мойнына алып, соғысқа жіберуге сұранған еді.

Осылайша 1942 жылдың күзінде өз еркімен соғысқа сұранып, Қаракер атын мініп келіп, вокзалдан пойызға отырып, аттанып кетті. Қаракер атын сондағы көше сыпырып жүрген бір шалға тапсырды. «Мына ат сізге бұйырсын! Сізге қызмет қылсын!» деген-ді. Көше сыпырушы шал бұдан кім екенін, қай ауылдан екенін сұрап үлгерді. Мұндай сұлу Қаракер атқа жоқ жерден ие бола салуға ары бармады ма, сол көше сыпырушы шал Қаракер атты Ұйымшыл ауылына жеткізіп, одан Өрісбайдың үйіне табыстаған екен. Қайран да, менің арға адал қазақ елім ай!

Майдан шебінде №208 атқыштар құрамында болды. Қан майданның ортасында жүріп, талай жарақаттар алды. 1943 жылдың сәуірінде қатты жарақаттанды - оң жақ иығынан тесіп өткен оқ жауырынын опырып өткен еді. Сол қолыны ортаңғы саусағын да оқ жұлып кетті. Сол ауыр жарақатпен №471 жылжымалы госпитальға түседі. Госпитальда емделіп, жарақаты жазылар-жазылмас тағы да майданға аттанады.

Майданда атқыштар дивизиясында пулеметшілердің командирі болды. Мәскеу түбінде шайқасты, Красная поляна ауылын азат етуге қатысты. 1945 жылы мамырда Ұлы жеңістің төтті дөмін майдандастарымен бірге көрді. Алайда Берлин түбінде жеңіс жалауын желбіреткенімен, Совет Үкіметі мен Жапония арасындағы текетірес бітпеген еді. Өрісбай Мәскеу қаласында стансадан ауылына қарай жол тартудың орнына, пойызға мініп, Жапония соғысына аттанып кетті. Соғыс өрті қай кезде де ауыр тиеді. Бұл соғыста да Өрісбайға және өзі сияқты басқа майдангерлерге де оңай тиген жоқ.

Өрісбайдың елге аман-есен оралуын күндіз-түні Құдайдан тілеген бір адам болса - ол анасы еді. Қайран ана баласының амандығын тілеп отырғанда, оның соғыстан оралуына аз күн қалғанда сағынышқа толы жүрегі соғуын тоқтатқан еді. Өрісбай 1946 жылдың жазында Жапон соғысынан елге оралардың алдында бір-екі ай бұрын асыл анасы қайтыс болыпты. Бұл оның жан дүниесіне ауыр тиді.

Балғын балалық шағында, 14 жасқа қараған кезінде 1916 жылы әкеден ерте айрылған Өрісбай үшін анасының орны ерекше болатын. Одан алған тәлім-тәрбиесі мен аса мейірімді қамқорлығы өз алдына бір өңгіме. Соғыстан қайтқанда, кісілігі мен кішілігі ерекше анасын жан жүрегімен ерекше елжірей сағынып келіп еді. Асыл анасының орнын сипап қалғанда, ер тұлғасы туған жердің топырағын құшақтап, бүк түсіп жатты да қойды. Әке орнына әке, шеше орнына шеше бола білген қайран ана!

Елге оралған Өрісбайдың кеудесінде I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Қызыл жұлдыз» ордені, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «За победу над Японией», «За отвагу» («Батылдығы үшін»), медалімен жарқырап тұрды. Қайран ана ұлының осы бір

жарқыраған кеудесін көріп кете алмай қалды-ау! Өрісбайдың кеудесіндегі өкінішті айтып жеткізу мүмкін емес еді. Бөйдібеков Өрісбай майдан даласынан I дәрежелі I-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «За победу над Японией» «За отвагу» («Батылдығы үшін»), «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен және бірнеше медальдармен оралды.

Бұдан өзге майданда көрсеткен ерліктері үшін «Совет Одағының батыры» деген атақ беру де ұсынылғаны айтылады. Алайда, осы атаққа ұсыну үшін майдан шебінен Мәскеуге аттанған командирлері жолда жаудың шабуылына ұшырып, мерт болған екен.

Елге оралған соң, Өрісбай ауылда колхоз төрағасы болып қызметін жалғастырды. Соғыстан кейінгі жылдарда да, төрағалық қызметте жүргенде Бөйдібеков Өрісбайды риясыз марапаттаулар өсте толастаған жоқ. Ұлы Отан Соғысының жеңісіне 20 жыл толуына, 30 жыл толуына, 40 жыл толуына, 50 жыл толуына орай «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. «За отвагу» («Батылдығы үшін») медалімен және тағы да басқа көптеген медальдармен марапатталған. 1957 жылы «Знак Почета» («Құрмет белгісі») ордені берілді.

Бөйдібеков Өрісбай соғыстан оралған соң, 1946-1965 жылдары Ұйымшыл колхозының төрағасы бола жүріп, тек қана колхоздың жұмысын өте жақсы деңгейде ұйымдастырып қоймай, ауыл-аудан деңгейінде көптеген игі бастамалардың бас-қасында жүретін. Оны танитын барлық ауыл-аймақтың адамдары зор құрметпен қарайтын.

Оған деген халықтың сенімі жоғары болатын, оның әділдігі мен шыншылдығы кімнің де болса жүрегіне жаулап алатын-ды. Ауыл-аймақта қандай да бір дау туғызған мәселе болса, сотқа да, прокурорға да емес, алдымен осы Өрісбайға жүгінетін. Өрісбай асқан даналықпен, майдан қыл суырғандай етіп, талай даудың мәселесін шешіп берген. Халық оның елге деген адал ниетін, ерен еңбегін ешқашан ұмытқан емес. Әрдайым халқының зор ықыласына бөленген азамат еді.

Елуінші жылдары жары Тәутешті жолықтырып, онымен отбасын құрды. Тәутештің төлқұжаттағы аты - Нұргүл болатын. Десе де, қазақ даласында ауылдағы жеңгелері қайын жұртындағы адамдардың атын туралап атамай, ат қою үрдісі бар-тын. Сонымен жеңгелері оны Тәутеш деп кеткен. Таутеш деп жеңгелері қойған атпен дүниеден өткенше жүрді. Былайғы жұрт оның шын аты Нұргүл екендігін дүниеден озғанын-

да басына көктас қойған кезде бірақ білген-ді. Тәутеш Түркістанда педагогикалық училищені бітіріп, ауыл балаларының білім алуына атсалысады. Шымкент педагогикалық институтына түсіп, жоғары білім алып жүргенде Өрісбаймен бас қосып, отау көтереді. Тәутештің тиісті деңгейде білім алуына ері Өрісбай қолынан келген барлық жағдайда жасайды. Оның кемі 2 сағаттық жол жүретін Шымкент қаласындағы оқу орнына уайымсыз-қамсыз барып келуі үшін қасына атқосшы қосып, оған атына да, өзіне де жетерлік азық-түлігін беріп, күнде шығарып салатын еді. Шымкенттегі қазіргі Фани Іляев көшесінің бойынша орналасқан институттың корпусына жеткен соң, Тәутеш оқуына кетеді де, атқосшысы аттарды суытып, жемін, суын беріп, кешке дейін күтетін еді. Кешке қарай оқудан шыққан Тәутеш

пен атқосшысы қайтадан атқа қонып, жорғалап отырып, 2 сағаттан астам уақыт атпен жол жүріп, күн батқанда ауылдарына келетін. Сөйтіп жүріп, Тәутеш институтты үздік бітірушілер қатарында төмамдады.

Тәутеш ауылға мұғалім болып келгенде, оқушыларды оқытатын мектеп атымен жоқ еді. Өрісбай ауыл балалары тиісті деңгейде білім алуы үшін бастауыш мектеп салдырған екен.

Өрісбай 10 рет Аудандық кеңестің депутаттығына шақырылып, 40 жылдай халықтың мұң мұқтажын жоғары жеткізіп отырды. Жылдар бойы колхоз төрағалығында жүріп шаруа басқарған еңбегі еленіп, 1957 жылы «Знак Почета» («Құрмет белгісі» N 513808, 11.01.1957 ж.) орденімен марапатталды.

I-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «За победу над Японией» «За отвагу» («Батылдығы үшін»), «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен ҰОС -на 20 жыл толуына, 30 жыл толуына, 40 жыл толуына, 50 жыл толуына «Ерлігі үшін» медальдарымен және бірнеше медальдармен марапатталған

Әйтсе де Өрісбай үшін өзінің туған халқының сүйіспеншілігінен артық марапат жоқ еді. Өрісбай 1976 жылдың күзінде 77-ге қараған шағында өмірден озды.

Бұл күнде Бөйдібеков Өрісбай мен Тәутештен тараған он бала азамат болып елге қызмет етуде. Олардан немере-шөбере тарап, өсіп-өніп отыр. Бөйдібеков Өрісбай атамыздың ұрпақтары «Халыққа қызмет ету» деген сөздің мағынасын терең түсінеді. Олардың санасына әкелері Өрісбай өзі ана сүтімен алған адамшылық тәрбиесін сіңіріп, өмір жолдарында қайыспай қиындықтарды жеңе отырып, халыққа пайдасын тигізетін өрендер болып өсуіне орасан зор ықпал етті.

Өрісбай атамыздың барлық балалары білімді, алды медицина ғылымдарының докторы, профессор арты педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, мектеп директоры, бас есепші, дәрігер, мұғалім болып елге қызмет етуде. Немересі Гүлісхан Нахбаева Қазақстаннан шыққан шахматтан тұңғыш «Халықаралық дәрежедегі Гроссмейстері» атағын алды.

Өмірі өнегеге толы осындай өр тұлғалы Өрісбайдай азаматтарымыз мәңгі есімізде сақталады.

Арайлым ӘБСАФАТ.

Қолыма қалам алып, әкем жайында толғана мақала жазуды ұйғардым. Себебі, Екінші дүниежүзілік соғыстың Жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Ол ұлы мерекені қазақ елі түгел дерлік асыға күтуде. Осы Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан сол кездегі бозбала, менің әкем Ұлықбек Әлназаров та бар. Небәрі 19 жаста еді. Ол кезде әкесі Омарбекұлы Әлназар «халық жауы» деген шалақ белсенділердің жала-сымен алғашқыда Алматы облысы «Қапшағай» түрмесінде, соңынан Ресей түрмелерінде, оның бірі Калымада күнелтіп жатқан болатын. Әлназар атам бір өзі емес, інісі Ахметбекпен бірге айдалған

МАЙДАНГЕР ҰСТАЗ - ӘЛНАЗАРОВ!



екен. 1936 жылы сол кездегі Қызыл әскер солдаттары мал-мүлкін, келер жылы сізге тиіспейміз деген уәделерінде тұрмай, інісі Ахметбек екеуін сол кездегі тергеумен итжеккенге айдап өкеткен еді.

Ал, енді әкем Ұлықбек Әлназаровқа оралсам, «Қызыл әскер қатарына 1943 жылы Арыс қаласынан эшелонға артты», - деп сөйлеуші еді, жарықтық. Соғыс майданында барлаушы, 120-атқыштар полкінде 18-ші атқыштар дивизиясында неміс басқыншыларымен қанды-көйлек жерлерестер – Бейсен Онтаев, Нәмат Сүлейменов, Патса Құралбаевтармен бірге жаумен тік тұрып соғысады. 1944 жылы Днепр шайқасында ауыр жараланады, ұзақ уақыт госпитальда емделіп, соғысқа қайта сұранғанымен, госпиталь дәрігер-

лері үзілді-кесілді рұқсат бермейді. Өйткені, тірсегін, аяғын автоматтың оғы қатарға тұруға жаратпай, ауыр жараланған болатын. Еліне, яғни Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, қазіргі Ордабасы ауданы Бадам станциясына оралғанда, әкесі Омарбекұлы Әлназар мен Ахметбек елге құр сүлдесін көтеріп, оралған еді. Оған себеп, қолбасшы М.В.Сталин Днепр өзенін жүзіп өткен Қызыл әскер солдаттарының жан беріп, жан алысқан ерліктерін ескеріп, сол солдаттардың әкелері түрмеде отырса, түрмеден босатындар де-

ген жарлық шығарған еді. Саяси тұтқыннан басқаларына, әрине, менің атам Әлназар бүкіл бір ауылды азық-түлікпен, жұмыспен қамтып отырған кәсіпкер болатын. Ол кісілерді ол кезде бай-кулак деп атаушы еді. Күні кешеге дейін, яғни, 1980 жылға дейін мені бай-кулактың немересі деп шұқып көрсететін. 1990 жылы ғана ақталды. Ендігі таңда майдангер, ұстаз Ұлықбек Әлназаровқа өзі туып-өскен ауылдан мектеп атын ұсынып отырған Ордабасы ауданы әкімдігі, ұстаздар қауымы, ауыл ақсақалдары қолдайды деген үмітпен мақаламды аяқтаймын.

Нұрбек ӘЛНАЗАРОВ,
ұлы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

“Central Asia Mining Co” ЖШС “бұзылған жерлерді, оның ішінде № 1,6,7 үйінділерді және Алтынтаусай кен орнының № 9 карьерін жою жобасына “Қоршаған ортаны қорғау бөлімі” бойынша экологиялық рұқсат алуға арналған ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан об-сы, Созақ а-ы, Қарақұр а.о., Қарақұр а., Усенбай Датта, 24, Қарақұр а/о өкімінің аппараты, өкімшілік ғимаратының, акт залында.

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 28 мамыр сағат 12:00-де.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 44о 10'42,21"N 68о 02'20,30"E Жобалық құжаттама пакетімен ҚДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ

ЖАО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар ҚДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жеке конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Тапсырыс беруші: ЖШС “Central Asia Mining Co”, Түркістан облысы, Шілік а/о, Жаңа Шілік, Қ. Мұңайтпасов көшесі, №21, info@camaltyn.com, сым.: +77780987171, БСН 130640000384.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖШС «ПБ Экологические решения», pbcoresheniya@mail.ru. БСН 231040011561 Астана қ., Байқоңыр ауданы, Республика даңғылы, 34 А. мөб. 8-747- 108-97-44.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда “Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Central Asia Mining Co» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для РАЗДЕЛ «ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ» (РООС) к Проекту ликвидации нарушенных земель в том числе отвалов № 1,6,7 и карьера № 9 месторождения Алтынтаусай для получения экологического разрешения.

Место проведения: Туркестанская область, Сузакский район, Каракурский с.о., с.Каракур, Усенбай датка, 24, аппарат акима Каракурского сельского округа, здания акимата, актовый зал.

Дата и время проведения: 28 мая 2025 года в 12:00.

Географические координаты территории воздействия 44о 10'42,21"N 68о 02'20,30"E

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ТОО «Central Asia Mining Co», Туркестанская об-ть, р.Отрарский, Шиликский с.о, с.Жана Шилик, ул.Қ.Мұңайтпасов, 21, БИН: 130640000384, тел 8-778-098-71-71, info@camaltyn.com.

Проектная организация ТОО «ПБ Экологические решения», pbcoresheniya@mail.ru. БИН 231040011561 г.Астана, р. Байқоңыр, Проспект Республика, дом 34 а. мөб. 8-747- 108-97-44.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

ХАБАРЛАНДЫРУ

“Central Asia Mining Co” ЖШС “бұзылған жерлерді, оның ішінде № 1,6,7 үйінділерді және Алтынтаусай кен орнының № 9 карьерін жою жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп беру жоба “бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан об-сы, Созақ а-ы, Қарақұр а.о., Қарақұр а., Усенбай Датта, 24, Қарақұр а/о өкімінің аппараты, өкімшілік ғимаратының, акт залында.

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 28 мамыр сағат 11:00-де.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 44о 10'42,21"N 68о 02'20,30"E Жобалық құжаттама пакетімен ҚДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ

